1) Қызмет – Шарттың 2.1. тармағына сай осы Шарттың аясында Банктің Клиентке көрсететін төлемдік қызметі;

2) Клиент – Шартта көзделген тәртіппен ақшаны жіберушінің банктік шотын ашпай ақша төлемдерін және (немесе) аударымдарын жүзеге асыратын жеке тұлға;

3) Алушы/бенефициар –оның пайдасына Клиент төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыратын тұлға;

4) Тарифтер –көрсететін Қызметтері үшін алынатын қолданыстағы мөлшерлемелер мен тарифтер. Шарттағы Тарифтер дегеніміз Шартты жасаған сәтте қолданылатын мөлшерлемелер мен тарифтер.

5) Төлемдік хабарлама – Клиенттің ақша жіберушінің банктік шотын ашпай немесе пайдаланбай Клиенттің ақшалай қаражатты оларды бенефициар пайдасына аударуы үшін және (немесе) бенефициар ақшалай қаражатты алуы үшін Банкке салуы (ол квитанциялар, кіріс кассалық ордерлер, хабарлама шоттар, бюджетке төлемдер жасауға хабарлама квитанциялар, міндетті зейнетақы салымдарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы салымдарын, міндетті кәсіби зейнетақы салымдарын, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар төлеуге хабарлама квитанциялары және (немесе) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарды және (немесе) салымдарды және ақшалай қаражатты алу үшін қолданылатын басқа да құжаттарды аударуға хабарлама квитанциялар) арқылы қолма қолсыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру туралы төлем құжаты.

6) Нұсқау – оның негізінде Клиенттен электрондық терминалдар арқылы ақшалай қаражат алынатын және (немесе) көрсетілген бенефициардың пайдасына аударылатын Клиенттің Банкке бұйрық түріндегі төлем құжаты.

2. ШАРТТЫҢ МӘНІ

- 2.1. Шарт аясында Банк Клиентке келесі Қызметтерді көрсетуі мүмкін:
- 2.1.1. халықаралық жедел аударымдар жүйелері бойынша банктік шотты ашпай аударымдар жүзеге асыру бойынша;
 - 2.1.2. «Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ филиал ішіндегі желідегі жедел ақша аударымдары» жүйесі бойынша банктік шотты ашпай аударымдарды жүзеге асыру бойынша;
 - 2.1.3. банктік шоттарға, оның ішінде үшінші тұлғалардың, есептеу үшін ақшалай қаражатты қабылдау бойынша;
 - 2.1.4. ақша жіберушінің банктік шотын ашпай төлем жасау үшін қолма қол ақшаны қабылдау бойынша.

3. ҚЫЗМЕТТІ ҰСЫНУ ТАЛАПТАРЫ

3.1. Қызметті алу үшін клиент тарифтерге сәйкес алынатын комиссияларды төлеуі қажет, бұл ретте қызметтер Банктің кассалық тораптары (кассалары) бар филиалдарында көрсетіледі. Кассалары бар Банк филиалдарының тарифтері мен тізбесі Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған: www.vtb-bank.kz.

3.2. Шартқа қосыла отырып, Клиент оның Шартқа қосылатыны туралы куәландыратын тиісті құжатта/нысанда көрсетілген деректемелер бойынша Банктің Клиентке жолдайтын және/немесе жолдауы мүмкін кез келген ақпаратты және/немесе құжаттарды, хабарламаларды алуға, сондай-ақ Банктің Клиентке хабарламаларының, хабарлауларының және өзге ақпараттың:

- Банк қызметкерімен жеке немесе курьерлік немесе алу туралы қолхат негізінде өзге қызмет арқылы тапсырылатынына;

немесе

- тиісті бағдарламалық-техникалық құралдардың көмегімен автоматты режимде қалыптастырылған алу туралы растамасымен бірге факс арқылы немесе электронды пошта бойынша жіберілетініне;

немесе

- Банк жайларына ақпаратты орналастыру арқылы жеткізілетініне;

немесе

- Банктің www.vtb-bank.kz интернет-ресурсын жариялау арқылы жеткізілетініне;

немесе

- SMS-хабарлама арқылы ұялы телефонға хабарланады (SMS-банкингке қосылған жағдайда);

немесе

- жалпы қалалық немесе ұялы байланысты пайдалана отырып, сөйлесуді жазу арқылы немесе жазусыз, телефон арқылы хабарланатынына өзінің шартсыз келісімін береді.

3.3. Банк Шарттың талаптарына, Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес және келесі талаптарда бір уақытта орындау арқылы көрсетеді:

3.3.1. Банкте Қызметтерді көрсету үшін техникалық мүмкіндік болған жағдайда;

3.3.2. Банк Тарифтеріне сәйкес Банктің Қызметтерді көрсетуі үшін комиссияны Клиенттің төлеуі;

3.3.3. Шартпен, төлем жүйесі ережелерімен және Қазақстан Республикасы заңнамасымен көрсетілген операцияларды жүргізуге тыйым салулардың жоқтығы.

3.4. Банктің келесі жағдайларда Клиентке Қызмет көрсетуден бас тартуға құқығы бар:

3.4.1. Шарттың 3.3.-тармағында көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда,

3.4.2. егер Клиент көрсеткен операциялардың параметрлері операциялардың сомасы мен саны бойынша Банк және/немесе төлем жүйесі ережелері және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасы белгілеген шектеулерге сәйкес келмесе.

3.4.3. Клиент операциясы ҚР заңнамасы талаптарына, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес келмеген жағдайда, сондай-ақ егер Банкте операцияның төлем жүйелері ережелері бұзыла

отырып жүргізілгендігіне немесе алаяқтық сипаты бар екендігіне күмән туындаған жағдайда.

3.5. Шарттың 3.5-тармағында көрсетілген негіздермен қатар, Банктің Нұсқауды орындаудан бас тартуы төмендегі негіздер бойынша жүргізіледі:

1) егер Төлем хабарламасында/Нұсқауда жасандылық, түзетулер, толықтырулар және бұлдірулер белгісі болса, соның ішінде егер Нұсқау Шартта белгіленген санкцияланбаған төлемдерден қорғану әрекеттері тәртібін бұза отырып берілсе;

2) Төлем хабарламасында/Нұсқауда және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасында және (немесе) Шарттың талаптарында белгіленген өзге талаптарды құру мен ұсыну тәртібіне қатысты талаптарды Клиент сақтамаған жағдайда;

3) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көрсетілген немесе Қазақстан Республикасының резидент емес банктерімен жасалған шарттарда көзделген жағдайларда;

4) санкцияланбаған төлемді анықтаған жағдайда, сондымен қатар алушы пайдасына аударылатын ақшаны алудың заңсыздығының дәлелденген деректерін анықтау және растау жағдайларында.

3.6. Банк дұрыс емес сомадағы немесе дұрыс емес деректемелер бойынша жіберілген ақша аударымына /төлемге алып келген Төлем хабарламасын/Нұсқауды ресімдеген кезде Клиент жіберген қателіктер үшін жауапты болмайды. Көрсетілген жағдайларда Қызмет Банк тарапынан Клиентке тиісті түрде және Шартқа сәйкес толық көлемде көрсетілді деп есептелінеді, Клиент Банк көрсеткен Қызметтер нәтижесінде ақша түскен тұлға(-лар)мен әрі қарайғы өзара есеп айырысуларды өз бетінше реттейді.

3.7. Банк Клиенттен ақшаны қабылдағанға дейін кез келген сәтте Клиент Қызметті қабылдаудан бас тарта алады.

3.8. Шарттың 2.1. тармағының 2.1.2.-2.1.4.-тармақшаларында көзделген Қызметтерді көрсеткен кезде шетел валютасындағы айырбастау бағамын Клиентке Қызмет көрсету сәтінде белгіленген Банк бағамы бойынша Банк белгілейді. Шарттың 2.1.тармағы 2.1.1.-тармақшасында көзделген Қызметті көрсеткен кезде шетел валютасындағы айырбастау бағамы халықаралық жедел аударымдар жүйесімен белгіленеді.

3.9. Төлем хабарламасын/Нұсқауларды орындау мерзімдері:

3.9.1. Банк Төлем хабарламасын/Нұсқауды Банк белгілеген операциялық күннің ішінде жұмыс күндері қабылдайды. Операциялық күн аяқталған соң Банкке түскен Төлем хабарламасы/Нұсқау келесі операциялық күні орындауға қабылданады. Операциялық күннің ұзақтығы туралы ақпарат Клиенттің назарына тиісті ақпаратты Банктің операциялық бөлімшесіндегі қарауға және танысуға жетімді орынға және/немесе Банктің www.vtb-bank.kz мекенжайындағы сайтында Интернет желісінде орналастыру арқылы жеткізіледі.

3.9.2. Банк Төлем хабарламасын/Нұсқауды, егер ҚР заңнамасында және/немесе төлем жүйелерінің ережелерінде өзгеше қарастырылмаған болса, оны алған операциялық күннен кешіктірмей орындайды.

3.9.3. Халықаралық төлемдер мен (немесе) ақша аударымдары Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында белгіленген талаптарды сақтаумен, Төлем хабарламасын/Нұсқауды алған күннен кейінгі үш операциялық күннен кешіктірмей орындалады.

3.9.4. Банк Төлем хабарламасын/Нұсқауды орындаудан бас тартуын, егер ҚР заңнамасында және/немесе төлем жүйелерінің ережелерінде өзгеше қарастырылмаса, Төлем хабарламасын/Нұсқауды алған операциялық күннен кешіктірмей, бас тарту себебін көрсету арқылы жүргізеді.

3.10. Санкцияланбаған төлемдерден қорғану әрекеттерінің тәртібі:

3.10.1. Төлем санкцияланған болып табылады, егер ол осындай төлемді жүргізуге өкілеттігі бар тұлғамен жүргізілсе және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе. Ақшаны аудару арқылы төлемді жүзеге асырған жағдайда, Банктің санкцияланбаған төлемдерден

қорғану әрекеттерінің белгіленген тәртібін сақтаумен, нұсқауды қабылдауы талабында төлем санкцияланған болып табылады.

3.10.2. Шарттың 3.10.1-тармағында белгіленген талаптарды сақтаусыз жүзеге асырылған төлем мен (немесе) ақша аударымы санкцияланбаған болып табылады. Жалған төлем құралдарын пайдаланумен жүргізілген төлемдер немесе ақша аударымдары Санкцияланбаған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары болып табылады.

3.10.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта белгіленген сәйкес нормаларды сақтау санкцияланбаған төлемдер және (немесе) ақша аударымдарынан қорғаныс болып табылады.

3.10.4. Санкцияланбаған төлемдерден қорғану әрекеттері ретінде Банк қызметкері Төлем хабарламасын/Нұсқауды ұсынған Клиентті сәйкестендіру үшін Клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттағы суретін, Төлем хабарламасын/Нұсқаудағы қолтаңбасын, жеке басын куәландыратын құжаттағы қолтаңбасын көзбен салыстыру арқылы тексеруді қолданады. Олар сәйкес келген жағдайда, санкцияланбаған төлем үшін Банк жауапты болмайды. Банк пен Клиент арасындағы келісім бойынша санкцияланбаған төлемдерден қорғану әрекеттерінің қосымша элементтері қарастырылуы мүмкін.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Банк міндеттенеді:

4.1.1. Шартта белгіленген көлемде және мерзімдерде Қызметтерді көрсетуге;

4.1.2. Банктің Клиентке қызмет көрсету аясында алған құпиялы ақпаратқа үшінші тұлғалардың санкцияланбаған қол жеткізуін жою үшін ұйымдастырушылық және техникалық сипаттағы барлық қажетті іс-шараларды қабылдауға;

4.1.3. ҚР заңнамасында және Шартта көрсетілен тәртіпте және мерзімде Клиенттердің Қызмет бойынша кінәрат-талаптарын қарастыруға;

4.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің нормативті құқықтық актілеріне және осы Шарттың талаптарына сәйкес Клиентке қызмет көрсетуді жүргізуге;

4.1.5. Клиентті сәйкестендіруді жүзеге асыруға, сондай-ақ санкцияланбаған төлемдердің жүзеге асырылуына жол бермеу мақсатында төлемдік қызметтер сомасын лимиттеуге.

4.2. Банк құқылы:

4.2.1. Клиенттен Шарт талаптарын сақтауын және Банк Тарифтеріне сәйкес Қызметтерді көрсету үшін комиссиялар төлеуін талап етуге;

4.2.2. Банк уәкілетті мемлекеттік органдардан Клиенттің қаржылық және экономикалық қызмет саласында қылмыс/құқықбұзушылық жасағаны туралы/ Клиенттен күдіктенгенін куәландыратын ақпаратты/мәліметтерді алған кезде, Қызметтер көрсетуден бас тартуға;

4.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілеріне сай қажетті кез келген құжатты және/немесе төлемдер мен аударымдар бойынша өзге ақпаратты, сондай-ақ халықаралық/үкімет аралық келісімдерге, шетел заңнамасы талаптарына, сондай-ақ FATCA талаптарына, Банктің ішкі құжаттарына сай кез келген құжаттарды және/немесе ақпаратты Клиенттен сұратуға;

4.2.4. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңында көзделген жағдайларда Клиентпен іскерлік қатынас орнатудан себебін түсіндірусіз бас тартуға;

4.2.5. Егер операцияға қатысушылар төменде көрсетілген тұлғалардың тізімінде немесе олармен байланысты/аффилирленген болса, Қызметтер көрсетуден бас тартуға:

- халықаралық санкциялық тізімдерде;

- жеке мемлекеттердің санкциялық тізімдерінде;

- жеке мемлекеттерде клиенттердің ерекше/тыйым салынған санаты тізімінде;
- корреспондент банктердің қызмет көрсетуге жағымсыз/тыйым салынған клиенттері тізімінде, сонымен қатар егер операция/қатысушылар тәуекел деңгейі жоғары елдердің тізімімен байланысты болған жағдайда.

4.2.6. Қазақстан Республикасы заңнамасында, оның ішінде заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнамада, және/немесе Банктің ішкі құжаттарында, халықаралық/үкіметаралық келісімдерде және/немесе шетел мемлекетінің талаптарында оның ішінде FATCA талаптарында көзделген ақпаратты және/немесе құжатты Банктің сұратуы бойынша ұсынбаған жағдайда, Қызметтер көрсетуден бас тартуға;

4.2.7. Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы болмайтын кез келген тәсілдермен және әдістермен Банктің Шартты тиісті орындау үшін қажетті деп санайтын Клиент туралы кез келген ақпаратты тексеруге.

4.3. Клиент міндеттенеді:

4.3.1. Шарттың талаптарын сақтауға;

4.3.2. Жеке кәсіпкерлікті немесе жеке тәжірибені жүзеге асырумен байланысқан операцияларды жүргізуге;

4.3.3. Қызметтер туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға бермеуге;

4.3.4. Шартқа қосылғанға дейін Шарттың талаптарымен, Қызметтерді көрсетуге Банк тарифтерімен және шектеулерімен танысуға;

4.3.5. Банк Тарифтеріне сәйкес Банк комиссияларының толық көлемін төлеуге, сондай-ақ Банктің Клиент Нұсқауларын орындауына байланысты оның барлық шығындарын Тарифтерде белгіленген валютада, мөлшерде және талаптарда өтеуге;

4.3.6. Банктің Қызметтерді көрсетуі кезінде Банк сұрататын дұрыс ақпаратты ұсынуға;

4.3.7. ҚР заңнамасымен қатаң сәйкестікте осы Шартта қарастырылған төлемдермен және ақша аударымдарымен байланысқан операцияларды жүзеге асыруға;

4.3.8. Банктің алғашқы талабы бойынша Банк белгілеген мерзімдерде Банкте қолданылатын ережелердің және/немесе ҚР қолданыстағы заңнамада белгіленген нормалардың барлық талаптарын жүзеге асыру және сақтау мүмкіндігін Банкке бере алатын ақпаратты және/немесе құжаттаманы ұсынуға және/немесе ұсынылуын қамтамасыз етуге;

4.3.9. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес Шартты орындау және онымен байланысты мақсаттарда Клиентке олардан немесе Банктен түсетін Банк қызметкерлерінің дербес деректерінің оларды өңдеу кезінде құпиялылығын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге. Сонымен қатар Клиенттің (Клиенттің өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының) алынған Банк қызметкерлерінің дербес деректерін Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаумен байланысы жоқ мақсаттарда пайдалануға және Шарт бойынша алынған Банк қызметкерлерінің дербес деректерін Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаумен байланысы жоқ мақсаттарда кез келген үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ, сонымен қатар Шартты орындау аясында Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасының өзге де талаптарын орындауға;

4.3.10. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және/немесе Банктің ішкі құжаттарына сәйкес төлемді жасаудың негізділігін, валюталық операцияларды (шарттардың, келісімшарттардың, келісімдердің және/немесе өзге де мәмілелер мен құжаттар) жүзеге асыруды куәландыру мақсаттарында Қызметтерді көрсету үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында, халықаралық/үкіметаралық келісімдерде оның ішінде FATCA талаптарында көзделген көлемдегі дұрыс ақпаратты және/немесе құжаттарды Банкке беруге;

4.3.11. Төлемдерді/аударымдарды жүзеге асыру және төлем құжаттарын рәсімдеу, валюталық және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, сондай-ақ Шарттың талаптарында белгіленген өзге де операцияларды жүргізу ережелерін сақтауға, оның сенім білдірген уәкілетті тұлға(лар)сының оларды сақтауын және Банк белгілеген операциялық күн ішінде төлем құжаттарының ұсынылуын қамтамасыз етуге;

4.3.12. Тікелей Қызметтерді қабылдауға дейін Банкке және/немесе Банктің Интернет желісіндегі www.vtb-bank.kz мекенжайы бойынша ресми сайтына қолданыстағы Тарифтер жөнінде және/немесе Шартпен байланысты ақпаратты алу үшін жүгінуге; Бұл ретте Клиенттің (сенім білдірілген тұлғаның) Шарттың/Тарифтердің/ақпараттың өзгертулеріне/толықтыруларына қатысты хабарсыз болғанына сілтеуге құқығы жоқ.

4.4. Клиент құқылы:

4.4.1. Банкте көзделген тәртіпте Банктен ақпарат алуға;

4.4.2. Шартта көзделген тәртіпте Банк қызметтерін пайдалануға;

4.4.3. Қызметтерді көрсету күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей, көрсетілген Қызмет бойынша жазбаша кінәрат-талаптармен Банкке хабарласуға. Көрсетілген мерзімде Қызмет бойынша жазбаша кінәрат-талапты Банкке ұсынбаған жағдайда, ол расталды деп есептелінеді және әрі қарай шағым түсіруге жатпайды.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

5.1. Тараптар өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес Шарт аясында ұсынылған ақпараттың шынайылығы үшін жауапты болады.

5.2. Егер міндеттемелерді орындау үшінші тараптардың белгіленген іс-әрекеттеріне байланысты болса, сондай-ақ егер орындамау немесе тиісті түрде орындамау үшінші тараптың қажетті іс-әрекеттерді жүргізе алмауына немесе бас тартуына байланысты болса, немесе оларды белгіленген тәртіпті бұза отырып, жүзеге асырса немесе Банк үшін қол жетімсіз болса, Банк Клиент алдындағы өз міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапты болмайды.

5.3. Егер Клиенттің Қызметтерді пайдалануы кезінде Клиенттің Қызметтерді пайдалануымен байланысқан ақпаратты Банктен тыс орналасқан байланыс құралдары арқылы жіберген кезде, үшінші тұлғалардың сол ақпаратқа қол жеткізу нәтижесінде ақпараттың жария болғаны үшін Банк жауапты болмайды.

5.4. Егер Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімде жарияланған Шартты өзгерту туралы ақпаратты Клиент алмаса және/немесе зерттемесе және/немесе дұрыс түсінбесе, Банк жауапты болмайды.

5.5. Банк төлем қызметтерін жүзеге асырған кезде, Клиент енгізген деректердің дұрыстығы үшін Банк жауапты болмайды.

5.6. Банк мына жағдайларда жауапты болмайды:

5.6.1. Қолданысқа енген Қазақстан Республикасының, шетел заңнамасының нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық/үкіметаралық келісімдердің, FATCA талаптарының және/немесе Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының кеңестерінің себебінен туындаған Шарт талаптарының өзгеруі үшін;

5.6.2. Қолтаңбаның заңдылығының жеткіліксіздігі нәтижесінде Банктің Клиенттің (уәкілетті тұлғаның) және/немесе үшінші тұлғалардың жасанды Төлем хабарламаларын/ Нұсқауларын орындауы салдарынан келтірілген шығындар үшін, сонымен қатар Клиенттің (Клиенттің уәкілетті тұлғасының) Тарифтердің, Шарт талаптарының, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және/немесе Қызметтер көрсету шеңберінде өзге де талаптардың өзгертілуі туралы хабарсыз болуы үшін;

5.6.3. Төлем құжаттарын тиіссіз рәсімдеу жағдайында операциялардың уақтылы жүргізілмеуі үшін, сондай-ақ Клиентте үшінші тұлғалардан/тұлғаларға туындайтын кез келген шағымдарға және/немесе дауларға қатысты үшінші тұлғалар үшін және/немесе үшінші тұлғалардың алдында;

5.6.4. қайтаруды, бас тартуды, бұғаттауды, шотты (шоттарды) тікелей дебеттеуді қоса алғанда, төлемді және/немесе аударымды орындаудың мүмкін еместігі үшін, оның ішінде корреспондент-банктің (контрагент-банктің) АҚШ салық қызметінің пайдасына кез келген төлем/операция сомасының 30 % (отыз пайызы) мөлшерінде салық ұстауы; шетелдік заңнама талаптары, оның ішінде FATCA талаптары немесе шет мемлекеттің уәкілетті мемлекеттік

органының, оның ішінде АҚШ салық қызметінің нұсқауы бойынша;

5.6.5. Клиенттің қателігі үшін немесе ол берген қандай да бір Төлем хабарламасы/Құсқауын қайталауы үшін. Клиент ақшаны алушыларға негізсіз немесе қате аударған жағдайда, Клиент тиісті сомаларды қайтару мәселесін оларды алушылармен өз бетінше реттейді.

5.7. Егер Шартта көрсетілген міндеттемелердің тиісті түрде орындалуына төтенше және белгісіз жағдайлар (өрт, апаттық жағдайлар, билік органдарының актілері мен шешімдері және т.б.) ықпал етсе, Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

5.8. Клиент мыналар үшін жауапты болады:

5.8.1. Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзінің міндеттемелерін орындамағаны/тиісті орындамағаны үшін. Егер Клиенттің (уәкілетті тұлғаның) Шарт талаптарын бұзуы үшінші тұлғалар тарапынан Банкке қаржылық шағымдардың берілуіне әкеліп соқтырса, Клиент мұның салдарынан Банктің жұмсаған барлық шығындары/залалдары толық көлемде өтеуі тиіс.

5.8.2. Банктің Клиенттің (уәкілетті тұлғаның) кінәсінен кеткен шығыстары мен сот шығындары үшін Банкке келтірілген зиянның толық көлемінде, оның ішінде Банкке негізсіз шағым берілген жағдайда;

5.8.3. Банкке ұсынылатын құжаттар мен мәліметтердің дұрыстығы үшін, сондай-ақ Банкке Қазақстан Республикасы заңнамасына, Шарт талаптарына, Банктің және/немесе FATCA талаптарына сәйкес ұсынылуы талап етілетін құжаттарды және/немесе мәліметтерді ұсынбау және/немесе уақтылы ұсынбауы нәтижесінде туындайтын барлық шығындар мен тәуекелдер үшін;

5.8.4. Қызметтерді алудың заңдалығы үшін, сондай-ақ Қызметтерді алуға негіз болатын Банкке ұсынылатын құжаттардың және/немесе мәліметтердің дұрыстығы үшін;

5.8.5. корреспондент-банктің (контрагент-банктің) АҚШ-тағы көздерден түсетін кірістермен (пайыздар, дивидендтер, сыйақылар) байланысты Клиенттің нұсқауы бойынша жүзеге асырылатын Банктің төлем/операция сомасының 30% мөлшеріндегі салық АҚШ салық қызметінің пайдасына банктік шотты (-тарды) тікелей дебеттеуі нәтижесінде Банк шеккен залалдар/шығыстар үшін, роялти, жалдау ақысы, американдық активтерді, оның ішінде бағалы қағаздарды сатудан түскен түсім, сақтандыру шарттары бойынша төлемдер және басқалар) және/немесе Клиенттің нұсқауы бойынша банк FATCA талаптарын сақтамайтын тұлғаның шотына және/немесе корреспондент-банктің (контрагент-банктің) пікірі бойынша АҚШ-та салық салынатын тұлға болып табылатын тұлғаның шотына жүзеге асыратын, ал аударылатын қаражат көзі – АҚШ-қа байланысты және/немесе қатыспайтын қаржы ұйымында ашылған шотқа жіберілетін табыс не егер мұндай төлемді/операцияны Банк хабарлаудан бас тартқан Клиенттің нұсқауы бойынша жүзеге асыратын болса өзінің резиденттік мәртебесін (азаматтығы, салықтық резиденттігі, АҚШ-тың жеке басына жататынын/жатпайтынын растайтын өзге де белгілер) растайтын немесе толық емес / анық емес мәліметтерді толық көлемде берген, соңғысының талап етуі бойынша.

6. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

6.1. Шарт ҚР заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.

6.2. Даулы жағдайлар, келіспеушіліктер, оның ішінде санкцияланбаған төлемдер бойынша барлық наразылықтар мен өтініштерді Клиент Шарттың деректемелерінде көрсетілген мекенжай бойынша жазбаша түрде ұсынады. Осындай наразылықтар мен өтініштерге жауап Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру тәртібі туралы заңнамасында белгіленген мерзімде ұсынылады. Тараптар Шартты орындаумен байланысқан келіспеушіліктер мен даулардың туындауын келіссөздер арқылы 30 күн ішінде шешу үшін барлық күш-жігерді жұмсайтын болады.

Тараптар көрсетілген мерзімдерде келісімге қол жеткізбеген жағдайда, дау Банктің қалауы бойынша Шартты жасаған Банктің немесе филиалының (өкілдігінің) тіркелген және/немесе

орналасқан жері бойынша сотта қарастырылады.

7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1. Шарт Клиенттің Шартқа қосылуы сәтінен бастап күшіне енеді.

7.2. Өзге Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасын немесе Шартты бұзған жағдайда немесе ҚР заңнамасын және/немесе осы Шартты ықтимал бұзу туралы күмән туындаған жағдайда, Шарт бір жақты тәртіпте бұзылуы мүмкін.

7.3. Шарт бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Айырмашылықтар болған жағдайда, Шарттың орыс тіліндегі мәтіні басым күшке ие болады.

7.4. Осы Шартқа қосылумен Клиент

7.4.1. Банкке қауіпсіздікті және тиісті қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету мақсаттарында, Клиентті (оның уәкілетті тұлғаларын) қосымша ескертусіз Банктің жайларында бейне/аудио жазбаны, бейне бақылауды, электрондық хабарландыруды (бұлар болған кезде) жазуды, сондай-ақ Клиенттің (оның уәкілетті тұлғасы) мен Банк қызметкерлерінің арасындағы әңгіменің басында жүргізілетін жазбаны жүзеге асыру құқығын береді. Клиент (оның уәкілетті тұлғасы) бұндай бейне/аудио жазбалар және/немесе телефон келіссөздерін/электрондық хабарландыруларды жазу дауларды сотта қарау барысында дәлелдемелер ретінде, сондай-ақ Банк пен Клиенттің арасындағы кез келген келіспеушіліктерді шешу үшін пайдаланылуы мүмкін болатынына өзінің келісімін білдіреді;

7.4.2. Клиентпен Ағымдағы шот бойынша жүзеге асырылатын кейбір банк операцияларына қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында, халықаралық/үкіметаралық келісімдерде, шетелдік заңнамада, соның ішінде АҚШ заңнамасында және/немесе Банспен белгіленген шектеулер қолданылуы мүмкін болатындығы туралы ескертілді, түсінеді және келіседі;

7.4.3. ол FATCA (шетелдік қаржы институттарында (АҚШ қаржы институттарынан басқа) ашылған банктік шоттары бар американдық салық төлеушілердің салық төлеуден жалтаруына қарсы әрекет етуге бағытталған АҚШ-тың шетелдік шоттарды салықтық бақылау туралы заңы) талаптарын сақтамаған кезде, оның ішінде Клиент Банк сұратқан құжаттарды және/немесе мәліметтерді ұсынбаған/толық емес/дәйексіз құжаттарды/мәліметтерді ұсынған жағдайда, корреспондент-банктің (контрагент-банктің) пікірі бойынша АҚШ-та салық салынатын тұлға болып табылатын, ал аударылатын қаражат көзі – АҚШ-қа байланысты және/немесе қатыспайтын қаржы ұйымында ашылған шотқа жіберілетін кіріс, не егер мұндай төлемді/операцияны өзінің резиденттік мәртебесін (азаматтығы, салық резиденттігі, АҚШ-тың азаматы/азаматы емес екенін растайтын басқа да белгілер (АҚШ тұлғасы. Банк көрсетілген ақпаратты тексеру және нақтылау үшін ақпараттың ресми көздерін пайдалануға құқылы) хабарлаудан бас тартқан Клиент жүзеге асыратын болса корреспондент-банктің (контрагент-банктің) банктік шотты (-тарды) АҚШ салық қызметінің пайдасына FATCA талаптарын сақтамайтын тұлғаның шотына және/немесе тұлғаның шотына есептелетін АҚШ-тағы көздерден кіріс алу болып табылатын төлем/операция сомасының 30%-ын тікелей дебеттеуінің елеулі тәуекелі бар екенінен хабардар етіледі, түсінеді және сөзсіз келіседі. Жария лауазымды тұлға – бұл:

(1) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам;

(2) лауазымды тұлға;

(3) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлға;

(4) мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам;

(5) шет мемлекеттің заң шығарушы, атқарушы, әкімшілік, сот органдарында немесе қарулы күштерінде қандай да бір лауазымға тағайындалатын немесе сайланатын адам;

(6) шет мемлекет үшін қандай да бір жария функцияны орындайтын адам;

(7) халықаралық шарттар мәртебесіне ие келісімдер негізінде елдер құрған ұйымдарда басшылық қызмет атқаратын адам).

7.5. Клиент Шартқа олармен көзделген тәртіпте және әдістерде қосыла отырып, Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ-на БСН 080940010300 (бұдан әрі – Банк) (сондай-ақ Банктің құқықтық мирасқорларына) – жинауға және өндеуге (жазуды, көшіруді, резервтік көшіруді, қорғауды, скринингті, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), алып қоюды, пайдалануды, иесіздендіруді, бұғаттауды, алып тастауды, жоюды, өшіруді, таратуды (оның ішінде: беру, трансшекаралық беру (берілетін осындай деректердің тиісті шет мемлекеттің қорғалуын қамтамасыз етуіне қарамастан), қол жеткізу, оның ішінде баяндалғанды ескере отырып, үшінші тұлғаларға қол жеткізу қоса, бірақ олармен шектелмей) өзінің сөзсіз келісімін береді, сондай-ақ өзге де әрекеттерді (операцияларды) жасауға, Банктің, ВТБ тобының (ВТБ Банкі ЖАҚ, кредиттік және қаржы ұйымдары, жарғылық капиталындағы қатысу үлесі салымдардың (дауыс беретін акциялардың) жалпы санының 50%-дан (елу пайыздан) астамын құрайтын және елдің заңнамасына сәйкес болып табылатын ВТБ Банкі ЖАҚ-тың ішкі құжаттарына/рәсімдеріне сәйкес қажетті немесе қаржы ұйымдарымен), халықаралық/үкіметаралық келісімдермен, шетелдік заңнама талаптарымен, оның ішінде FATCA талаптарымен, жеке деректерді (оның ішінде жеке кәсіпкердің Т.А.Ө., атауы, туған күні мен жері, тіркелген/тұратын мекенжайы, байланыс ақпараты (индекс, тіркелген/нақты тұратын мекенжайы, электрондық пошта мекенжайы, телефон, факс нөмірлері және өзге де байланыс ақпараты), отбасы жағдайы туралы мәліметтер жеке басын куәландыратын құжаттың, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің деректемелері, көші-қон картасының деректері, ЖСН, фотографиялық бейнесі (биометриялық деректер), сондай-ақ маған тікелей немесе жанама жатқызылатын (жататын), оның ішінде банктік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны және кез келген нақты уақытта көрсетілген Банкке қолжетімді не белгілі басқа да құпия ақпаратты қамтитын кез келген өзге де ақпаратты/мәліметтерді және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып және/немесе жасалатын шарттар/келісімдер (шарттар) шеңберінде кез келген үшінші тұлғалардан ауызша хабарланған және/немесе Банк алған құжаттарда (оның ішінде сауалнамаларда, өтініштерде және т. б. (оның ішінде болашақта), және/немесе қандай да бір шартпен/ келісіммен (оның ішінде болашақта) байланысты келесі мақсаттар үшін:

- іскерлік қатынастарды орнату және/немесе банктік қызметтерді (операцияларды) ұсыну/алу және/немесе Банкпен кез келген қажетті мәмілелерді (шарттарды/келісімдерді) жасасу (барлық қажетті құжаттарды: өтініштерді, сауалнамаларды, келісімдерді және т. б. толтыруды/қол қоюды/қарауды қоса алғанда) және оларды одан әрі орындау және тоқтату мүмкіндігін сәйкестендіру, қарау;
- ұсынылған дербес деректердің дұрыстығы мен толықтығын тексеру;
- Банктің дербес деректер субъектісіне қатысты заңды салдарлар туғызатын шешімдер қабылдауы және/немесе өзге де әрекеттер жасауы;
- ақпарат алмасу, есептілікті қалыптастыру/шоғырландыру/ұсыну, оның ішінде FATCA талаптарын сақтау, Банктің/дербес деректер субъектісінің қызметін бақылауды, тексеруді және/немесе талдауды жүзеге асыру шеңберінде;
- Қазақстан Республикасының, шет мемлекеттердің, оның ішінде АҚШ заңнамасымен, халықаралық заңнамамен, Жарғымен, лицензиямен (лицензиялармен), Банктің, ВТБ тобының және/немесе уәкілетті органдардың көрсетілген тұлғаларын реттейтін ішкі құжаттармен Банкке жүктелген операцияларды және өзге де қызметті, мәмілелерді және/немесе функцияларды, міндеттерді жүзеге асыру/орындау, оның ішінде АҚШ-тың салық қызметі, сондай-ақ заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің талаптарын және/немесе көрсетілген құжаттардың талаптарын орындау;
- Банктің және/немесе Банкпен бірлесіп және/немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін үшінші тұлғалардың (оның ішінде болашақта) ұсынуы және Банкпен де, Банкпен және/немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін үшінші тұлғалардан да түрлі өнімдер/қызметтер (оның ішінде, болашақта);
- міндеттемелерді орындау, Клиентке қызмет көрсетуді жүзеге асыру және/немесе Банк алдындағы берешекті өндіріп алу (оның ішінде Банк қарызға қызмет көрсету және/немесе

берешекті жинау жөніндегі функцияларды және/немесе өкілеттіктерді үшінші тұлғаларға берген жағдайда), Банк менің міндеттемелерімді орындауды үшінші тұлғалардан қабылдаған жағдайда;

- Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін ескере отырып, Банкпен және/немесе өзге де үшінші тұлғалармен үлестестік/байланыстылық белгісін анықтау;

- ашылуы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының міндетті талабы болып табылатын ақпаратты жариялау;

- Банкпен де, Банктің тапсырмасы бойынша әрекет ететін үшінші тұлғалардан да Банктің қызметтерін/өнімдерін, бірлескен қызметтерді/Банктің және үшінші тұлғалардың өнімдерін пайдалану ұсыныстарын, өзге де ұсыныстар мен жарнамалық ақпаратты (оның ішінде жоғарыда көрсетілген қызметтер/өнімдер туралы), Банк/Банктің тапсырмасы бойынша үшінші тұлғалар жүргізетін қатысуға алу Банк/Банк үшінші тұлғалармен бірлесіп, іс-шаралар/акциялар (оның ішінде жарнамалық сипаттағы), маған ақпарат (оның ішінде Банк, оның жұмысы, Банк қабылдаған шешімдер, тарифтер және/немесе ұсынылатын/енгізілетін қызметтер/өнімдер туралы) беру, хабарландырулар/хабарламалар мен талаптар жіберуді қоса алғанда, оның ішінде міндеттемелерді орындаумен (орындамаумен/тиісінше орындамаумен) (ауызша да, кез келген байланыс құралдарын пайдаланумен де (оның ішінде Банктің тапсырмасы бойынша үшінші тұлғалармен не үшінші тұлғалармен бірлесіп) жүргізілетін іс-шаралар/акциялар ашық байланыс арналары, – (Банк (Банктің тапсырмасы бойынша үшінші тұлғалар) көрсетілген тәртіппен берген ақпарат осы Келісімге қол қою арқылы білдірілген жазбаша келісіммен берілген/алынған деп танылады, бұл ретте ақпаратты ашық байланыс арналары арқылы беру жүзеге асырылған жағдайда, оны үшінші тұлғалардың рұқсатсыз алу тәуекелімен таныстым және түсінемін, және мен осындай тәуекелді қабылдаймын);

- Қазақстан Республикасының заңнамасын, халықаралық/үкіметаралық келісімдерді орындау мақсатында уәкілетті органдарға ақпаратты (оның ішінде инсайдерлер тізімін) жіберу;

- Банк құқықтарын сот/соттан тыс қорғау (міндеттемелер бұзылған/даулы жағдайлар туындаған жағдайда, оның ішінде үшінші тұлғалардың қатысуымен);

- дербес деректерді ашпай маркетингтік және/немесе статистикалық зерттеулер жүргізу;

- даулы жағдайларды тергеу;

- Қазақстан Республикасының, шет мемлекеттердің заңнамасында, халықаралық/үкіметаралық келісімдерде, Банктің, ВТБ тобының және/немесе ВТБ Банкі ЖАҚ ішкі құжаттарында белгіленген (белгіленуі мүмкін) және оларға қол жеткізу үшін дербес деректерді өңдеу және жинау қажет өзге де мақсаттарда.

Осымен Клиент жоғарыда көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін жоғарыда көрсетілген ақпаратты Банктің құпиялылық және ақпаратты жария етпеу туралы келісімі бар үшінші тұлғаларға, оның ішінде Банкпен ерекше қатынастармен байланысты (жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету/ынтымақтастық үшін аутсорсинг шарттарында, оның ішінде, процессинг) үшінші тұлғаларға ұсыну қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында, халықаралық/үкіметаралық келісімдермен өзгеше көзделмесе, агенттер мен әріптестерге операциялар жүргізуде, іс-әрекеттерді жүзеге асыруда, мәмілелер жасасуда, орындауда, Банк осы Келісімде/Шартта көрсетілген іс-әрекеттерді жасау үшін қажетті көлемде алынған дербес деректерді өз қалауы бойынша (қосымша келісімінсіз) беруге, сондай-ақ осындай тұлғаларға осы мәліметтерді қамтитын тиісті құжаттарды/ ақпаратты беруге құқылы екенін мойындайды, келіседі және растайды. Сондай-ақ, Клиент тиісті өзгерістерді/толықтыруларды ескере отырып, осы Келісімнің жоғарыда көрсетілген кез келген үшінші тұлғаларға берілген болып есептелетінін және кез келген осындай үшінші тұлғалардың осы Келісімге сәйкес кез келген көрсетілген тәсілмен көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін алынған дербес деректерді жинауға, өңдеуге құқығы бар екенін мойындайды, келіседі және растайды.

Осы арқылы Клиент барлық үшінші тұлғалардың (оның ішінде уәкілетті тұлғалардың (өкілдердің)/қызметкерлердің) өздеріне қатысты дербес деректерді Клиент Банкке беретін және осы Келісімде көрсетілген шарттарда Банктің/үшінші тұлғалардың оларды одан әрі өңдеуіне тиісінше ресімделген жазбаша келісімдерінің алынғанын хабарлайды және Банкке кепілдік

береді, сондай-ақ мұндай тұлғаларды Банктің/үшінші тұлғалардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тәртіпте және шарттарда олардың дербес деректерін жинау және өңдеу құқығы туралы хабардар ету бойынша өзіне міндеттемелер қабылдайды. Банктің ішкі құжаттарына және осы Келісімге сәйкес Банк/үшінші тұлғалар Клиенттің/көрсетілген үшінші тұлғаның дербес деректерін жинау және өңдеу бойынша өздері жасайтын іс-әрекеттер туралы біреуді хабардар етуге міндетті емес.

Осымен Клиент дербес деректерді жинау және өңдеу мынадай негізгі тәсілдерді (бірақ олармен шектелмей) пайдалана отырып жүзеге асырылатыны туралы Банк хабардар еткенін растайды: автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып, оның ішінде есептеу техникасы құралдарын, ақпараттық-техникалық кешендер мен желілерді қоса алғанда, ақпараттық технологиялар мен техникалық құралдарды дербес деректерді беру, қабылдау және өңдеу жүйелері, бағдарламалық құралдар (операциялық жүйелер, дерекқорларды басқару жүйелері және т.б.), ақпараттық жүйелерде қолданылатын ақпаратты қорғау құралдары, сондай-ақ автоматтандыру құралдарын пайдаланбай қолданылатын (оның ішінде қағаз тасығышта).

Жоғарыда көрсетілген Келісім Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ Банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасында және/немесе Банктің ішкі құжатында белгіленген дербес деректерді және/немесе құжаттарды (оның ішінде электрондық құжаттар форматында) сақтау мерзімдері өткенге дейін не оны жазбаша нысанда кері қайтарып алған кезге дейін беріледі кері қайтарып алу сәтіне дейін кемінде 1 (бір) ай бұрын. Бұл ретте Банк Шартты орындау/банктік қызметті (операцияны) көрсету мақсатында, сондай-ақ, егер дербес деректерді өңдеуді жалғастыру қолданылатын заңнаманың, сондай-ақ банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттер заңнамасының талаптарына байланысты болса (мұндай жағдайда дербес деректерді өңдеу заңнама талаптарын орындау үшін қажетті шектерде жүзеге асырылады) Банктің ішкі құжаттарымен дербес деректерді өңдеуді жалғастыруға құқылы.

7.6. Шартқа қосылу арқылы Клиент, Банктің Қазақстан Республикасы заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша заңнамасын, халықаралық/үкіметаралық келісімдердің талаптарын, FATCA талаптарын сақтауы мақсатынд, Қазақстан Республикасының валюталық және/немесе өзге заңнамаларының және Шарттың талаптарының негізінде және шегінде Банкке тапсырылған кез келген түрдегі деректерді алуға, тексеруге/қайта тексеру бойынша Банктің Қазақстан Республикасы заңнамасымен тыйым салынбаған кез келген іс-әрекеттерді және шараларды жүзеге асыруға, сонымен қатар Клиенттің алған Қызметтері /жүргізген операциялары жөнінде ақпаратты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне және басқа уәкілетті мемлекеттік органдарға ұсынуға өз келісімін береді.

7.7. Банк немесе Клиент үшін Шарт аясында жасалған кез келген хабарлама, талап немесе сұрату, Шарт талаптарымен өзге көзделмеген болса, жазбаша түрде ұсынылады. Мұндай хабарлама, талап немесе сұрату, олар жеке берілсе, пошта арқылы немесе курьерлік байланыспен немесе байланыстың өзге түрлері арқылы Шарттың 8 бөлімінде белгіленген Банктің мекенжайына және олар арқылы Шартқа қосылу жүзеге асырылатын құжаттарда/нысандарда көрсетілген Клиенттің мекенжайына жеткізілсе, тиісті түрде ұсынылған немесе жіберілген болып қарастырылады. Жария, жалпы сипаттағы хабарламалар тиісті ақпараттың Банктің операциялық залындағы және/немесе www.vtb-bank.kz мекенжайы бойынша Интернет желісіндегі Банктің ресми сайтына орналастыру арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте хабарлама, талап (шағым) сұрату мына жағдайларда алынған болып саналады:

- шабарман арқылы жіберген кезде – алынған күні тиісті белгімен;
- тапсырысты хатпен жіберген кезде – жіберген соң 3-(үшінші) күні (жіберу кезінде пошта берген құжаттың күні бойынша);
- Банктің операциялық бөлімшесіне немесе www.vtb-bank.kz мекенжайы бойынша Интернет желісіндегі Банктің ресми сайтына орналастыру кезінде – орналастыру күнінде;
- электрондық пошта / SMS хабарлама арқылы жіберген кезде – жіберу күнінде.

7.8. Клиент Шартқа қол қойған кезде компьютерлік бағдарлама шығарған Банк мөрінің аналогтарын және Банктің атынан Шартқа қол қоюға уәкілетті тұлғаның қолтаңбасын Банктің

пайдалануына қарсылық білдірмейді және бұл оның талаптарына қарсы еместігін растайды.
7.9. Бұл Шартта қарастырылмаған барлық қалғанында Тараптар Қазақстан Республикасы заңнамасын басшылыққа алады.

8. БАНКТИҢ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Банктің деректемелері:

Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы Еншілес ұйымы,

А15Т1С4, Алматы қ., Тимирязев к-сі, 26/29

БСН 080940010300,

ҚР Ұлттық Банкі МОЕБ-да, Корр. шот KZ06125KZT1001302062,

BIC NBRKKZKX КБе 14,

ҚҰЖЖ 50507796, ЭҚТЖЖ 64191

SWIFT BIC – VTBAKZKZ.

Электронды мекенжай: info@vtb-bank.kz,

Ресми интернет ресурс: www.vtb-bank.kz

тел. 330-50-50.